

## 2015 жылға арналған Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде кәсіптік оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 мамырдағы № 201 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 мамырда № 5629 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 162 қаулысымен бекітілген Жұмыспен қамту 2020 жол картасын (бұдан әрі - Жұмыспен қамту жол картасы) іске асыру мақсатында Қостанай облысының әкімдігі

### Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған кәсіптік қайта даярлау бойынша 2015 жылға арналған Жұмыспен қамту 2020 жол картасына қатысушыларды кәсіптік оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 20 сәуірден бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

Әкімдіктің  
2015 жылғы 12 мамырдағы  
№ 201 қаулысымен бекітілген

## 2015 жылға арналған кәсіптік қайта даярлау бойынша Жұмыспен қамту 2020 жол картасына қатысушыларды кәсіптік оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	п/п	Мамандықтардың коды және атауы	Біліктіліктің коды және атауы	Саны (адам)	Оқыту мерзімі
1		0508000 Тамақтандыруды ұйымдастыру	050801 Аспазшы	2 15	3 ай
2		1114000 Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	111404 Электр газымен дәнекерлеуші	2 0	3 ай
		<b>Барлығы:</b>			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК